

## Қазақстан Республикасының білім беру мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 30 тамыздағы N 2441 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600\_1-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

I. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Білім беру туралы" 1992 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 жыл, N 6, 110-құжат; N 16, 402-құжат):

8-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда баяндалсын:

"Шақыру жасына дейінгі және шақыру жасындағы оқушы жастардың алғашқы әскери дайындығын барлық үлгідегі жалпы білім беретін мектептерде, кәсіптік-техникалық училищелерде, орта арнаулы оқу орындарында - штаттағы оқытушы-ұйымдастырушылар; ал студенттердің әскери дайындығын - жоғарғы оқу орындарының жұмыс істеп тұрған әскери кафедралары жүзеге асырады";

12-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мектеп жасына дейінгі мекемелердің тәрбиешілері үшін нормативті оқу жүктемесі аптасына 24 сағат болады";

үшінші бөлік төртінші бөлік деп саналсын.

32-бапта:

екінші бөлігі мынадай редакцияда баяндалсын:

"Білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды, оның іске асуын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жүзеге асырады. Білім беру саласындағы орталық мемлекеттік басқару органы Қазақстан Республикасының Білім министрлігі болып табылады. Оқу орындары бар салалық министрліктер мен ведомстволардың басқару органдары өздерінің ведомстволық қарауындағы мекемелерге тікелей басшылықты жүзеге асырады. Барлық мемлекеттік жоғары және орта арнаулы оқу орындары, әдетте, Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің қарауында болады";

37-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Республикалық бағыныстағы жоғары және орта арнаулы оқу орындарының (әскери, дербес және халықаралық оқу орындарынан басқаларының) басшыларын тиісті

салалық министрліктермен, ведомстволармен және облыстардың (Алматы қаласының) әкімдерімен келісе отырып, Қазақстан Республикасының Білім министрлігі тағайындайды";

екінші және үшінші бөліктер, тиісінше үшінші және төртінші бөліктер деп саналсын.

2. "Жоғарғы білім беру туралы" 1993 жылғы 10 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 жыл, N 9, 206-құжат):

6-баптың екінші бөлігіндегі үшінші абзацы "заңды" сөзінен кейін "және жеке" сөздермен толықтырылсын.

19-бап мынадай редакцияда баяндалсын:

"19-бап. Жоғарғы оқу орындарын бітірушілерді жұмысқа орналастыру Мемлекеттік тапсырыс бойынша мемлекеттік жоғары оқу орындарының күндізгі бөлімдерін бітірушілер дербес бөлу арқылы жұмысқа орналастыруға тиіс.

Жоғары оқу орындары шарттардың негізінде даярлаған бітірушілер осы шарттарға сәйкес жұмысқа жіберіледі.

Жас мамандардың құқықтары мен міндеттері, оларды жұмысқа орналастыру тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Ережелермен айқындалады".

II. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті